

"Баспасөз күні" мерекесі құрметіне бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған үздік журналистік мақалалар топтамасына қазақ журналистикасының негізін салушы, профессор Т.С. Амандосов атындағы облыс әкімінің жыл сайынғы сыйлығын тағайындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 227 шешімі. Атырау облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 20 шілдеде N 563 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009 жылғы 30 наурыздағы N 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009.03.30 N 15 шешімімен.

Облыстагы баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдары журналистерінің Тәуелсіздік алған жылдардағы табыстар мен жетістіктерді, аумақтық рухани-мәдени дамуын, әлеуметтік экономикалық ахуалын, нарық жағдайындағы өзгерістерді көрсетудегі шығармашылық жұмыстарын көтермелеу мақсатында және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығының "Баспасөз күні" кәсіптік мерекесі құрметіне шешім етемін:

1. "Баспасөз күні" мерекесі құрметіне бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған үздік журналистік мақалалар топтамасына қазақ журналистикасының негізін салушы, профессор Т.С. Амандосов атындағы облыс әкімінің жыл сайынғы сыйлығы тағайындалсын.
2. Қазақ журналистикасының негізін салушы, профессор Т.С. Амандосов атындағы облыс әкімінің сыйлығы тағайындалатын үздік журналистік жұмыстарға конкурс жариялау жөніндегі ереже бекітілсін (N 1 қосымша).
3. Үздік журналистік жұмыстарды айқындастын комиссия құрылсын (N 2 қосымша) және конкурс қорытындысы "Баспасөз күні" кәсіптік мереке қарсаңында 25 маусымға дейін шығарылсын.
4. Облыстық мәдениет басқармасына (Б. Иманғалиев) Тәуелсіздіктің 10 жылдығын өткізуге бюджетте бөлінген қаржының аумағында 2634100 "Жергілікті жердегі халықтың мәдени демалысын қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша қаржыландыру тапсырылсын.
5. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т. Мұрсәлиеваға жүктелсін.

Облыс әкімі

"Баспасөз күні" құрметіне бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған үздік журналистік мақалалар топтамасына жыл сайын қазақ журналистикасының негізін салушы, профессор Т.С. Амандосов атындағы облыс әкімінің сыйлығын тағайындау туралы конкурстың ережелері:

1. Төрт журналистің мақалалар топтамасы іріктеледі, оның екеуі электронды бұқаралық ақпарат құралдарында берілген хабарларға, екеуі газеттерде жарияланған мақалаларға тағайындалады. Екеуі қазақ тіліндегі, екеуі орыс тіліндегі материалдар болуы керек. Төрт сыйлық журналистің әрқайсысына 40 мың теңге көлемінде беріледі.
2. Конкурсқа әр жылғы баспасөз күні аралығында аймақтың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған жергілікті журналистер шығармалары қатыстырылады.
3. Конкурсқа қатысатын журналистердің шығармаларында облыстың әлеуметтік-экономикалық тыныс-тіршілігіне, нарықтық реформалардың жүргізу барысына, елді демократияландыруға, әлуестін, рухани-мәдениетін қалыптастыруға қатысты мәселелер қамтылуы тиіс.
4. Конкурсқа жоғарыдағы талаптарға сай келетін проблемалық, публицистикалық бейне көрсетілімдер іріктеледі.
5. Конкурсқа іріктелетін материалдардың тілі жатық, ойы ұшқыр, көтеріп отырған мәселесі жан-жақты қамтылған, терең талданған, оқырмандар мен көрермендер талабына жауап берерлікте болуы тиіс.
6. Іріктелінген шығармадан журналистің өзі жазып отырған мәселесін, көтерген тақырыбын жетік білетіндігі, бүгінгі нарықтық қатынастар талабына сай жаңаша ойлау қабілетінің жоғарылығы, жату, мәселені көрсете білу шеберлігі айқын аңғарылып тұруы қажет.
7. Егер үздік шығарма ретінде бірнеше журналистің мақаласы іріктелген болса, онда журналистердің конкурс шартындағыдан басқа тақырыптарды көрсету шеберліктері де ескеріледі.
8. Конкурсқа журналистердің осы ереже талабына сай келетін тақырыпқа жазылған бір немесе бірнеше материалы қатыстырылады.
9. Конкурсты арнайы құрылған комиссия "Баспасөз күні" кәсіптік мерекесі қарсаңында қорытындылайды және оның қорытындысы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Қазақ журналистикасының негізін салушы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Жоғары мектебіне еңбегі сінген қайраткер, профессор Т.С. Амандосов атындағы облыс әкімінің сыйлығын беруде үздік журналистік шығармаларды айқындау жөніндегі комиссияның құрамы

Мұрсәлиева Тасқира Қабиқызы - облыс әкімінің орынбасары, төрайым;

Қожиев Болат Сандыбайұлы - облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы, төрайым орынбасары;

Төлеуішов Эбілхан Сейтімұлы - облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бұқаралық ақпарат құралдары бөлімінің бас маманы, хатшы.

Комиссия мүшелері:

Дәuletov Bolat - Қазақстан Журналистер Одағы Атырау филиалының төрағасы, мүше;

Қорқытов Берік Ыбырашұлы - ардагер, драматург-жазушы, мүше;

Қуанышқали Хабиболла Жұмабекұлы - облыс әкімі аппараты әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің менгерушісі, мүше;

Перов Федор Николаевич – журналистика ардагері, "Вечерний Атырау акшамы" тәуелсіз газетінің редактор шолушысы, мүше;

Айсин Амир – баспасөз және қоғам жұмысы жөніндегі бас маман.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК